ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 6 қыркүйек № 7119-24-00-2/10706 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Lermax» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Валерия Григорьевна Максименко

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Lermax» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Валерия Григорьевна Максименконы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Lermax» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Валерия Григорьевна Максименко мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Lermax» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Валерия Григорьевна Максименкодан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Документ подписан: Искалиева А. С., 06.09.2024
Дата вступления в законную силу: 14.10.2024, судья Искалиева А. С., 16.10.2024
7119-24-3-1/9989

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 06.09.2024

Дата вступления в законную силу: 14.10.2024, судья Искалиева А. С., 16.10.2024

7119-24-3-1/9989